

## Экология және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі облыстық кеңес туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы әкімдігінің 2004 жылғы 22 сәуірдегі N 113/5 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 5 мамырда N 2430 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 178/13 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 178/13 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес, бірыңғай табиғатты қорғау саясатын жүзеге асыру және облыстың экология, табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен айналысатын мемлекеттік органдарының, кәсіпорындары мен ұйымдарының, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың қызметін үйлестіру мақсатында облыс әкімдігі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Экология және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі облыстық кеңес (бұдан әрі - Кеңес) құрылсын.

2. Кеңестің қоса беріліп отырған Ережесі бекітілсін.

3. Облыс табиғатты қорғау бағдарламалары департаменті Кеңестің дербес құрамын заңнамамен белгіленген тәртіпте облыстық Мәслихаттың бекітуіне ұсынысын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ж.Ж. Нұрғалиевке жүктелсін.

*Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов*

Облыс әкімдігінің  
2004 жылғы 22 сәуірдегі

N 113/5 қаулысымен бекітілген

**Экология және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі облыстық кеңестің ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Экология және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі облыстық кеңес (бұдан әрі - Кеңес) қоршаған ортаны жақсарту және экологиялық мәселелерді, табиғатты қорғау бағдарламаларын және жобаларды қарау жөніндегі консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, облыс әкімдігі мен әкімінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Кеңестің дербес құрамын облыс табиғатты қорғау бағдарламалары департаменті құрастырады және оны облыстық Мәслихат бекітеді.

4. Кеңес шешімдері ұсыныстық сипатта болады.

## **2. Кеңестің мақсаты, міндеттері мен функциялары**

5. Кеңестің мақсаты аймақтың экологиялық қауіпсіздігін және тұрақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

6. М ы н а л а р :

1) жобалау, құрылыс және зарарсыздандыру жұмыстарын, радиологиялық зерттеулерді орындайтын облыс мемлекеттік органдарының, кәсіпорындарының, мекемелерінің, үкіметтік емес ұйымдардың және субъектілердің меншік түріне қарамастан табиғатты қорғау қызметін үйлестіру;

2) қоршаған ортаны қорғау саласында экологиялық білім мен ағартуды насихаттау жөніндегі іс-шараларды өткізу;

3) облыстың экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау іс-шараларын өткізу жөніндегі негізделген ұсыныстарды, ұсынымдарды п ы с ы қ т а у ;

4) жобаларды қоғамдық тәуелсіз сараптауларды ұйымдастыру;

5) табиғатты қорғау іс-шараларын жоспарлау және оларды іске асыруды ұйымдастыру мәселелерін талқылау;

6) қоршаған ортаны қорғау, табиғатты пайдалану, жер, су ресурстары мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламаларды іске асыру барысын т а л қ ы л а у ;

7) облыс әкімдігіне және әкіміне ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау, енгізу, қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөнінде облыс әкімдігінің және әкімінің актілерін дайындауға қатысу;

8) Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің, облыс әкімдігі мен әкімінің қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі актілерінің іске а с ы р ы л у ы н т а л қ ы л а у ;

9) қоршаған ортаны қорғауға арналған қаражатты кешенді пайдалану сұлбаларын келістіру және бекіту дайындығына қатысу;

10) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі насихатты ұйымдастыруға көмектесу;

11) мемлекеттің және қоғамның қоршаған ортаны қорғау саласындағы м ү д д е л е р і н қ о р ғ а у ;

12) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру Кеңестің негізгі міндеттері болып табылады.

### **3. Кеңес құқығы**

7 . Кеңестің :

1) облыс әкімдігіне және әкіміне облыстағы экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету, табиғатты қорғау іс-шараларына арналған қаражатты бөлу және қолдану жөніндегі ұсыныстар енгізуге;

2) өз құзыреті шеңберінде мүдделі мемлекеттік органдар мен ведомстволардың мамандарын тарта отырып (келісім бойынша) облыстағы экология мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу және енгізу үшін экологиялық бағыттағы жұмыс топтарын құруға;

3) Кеңестің құзыретіне енетін мәселелерді шешу үшін ғалымдарды, жоғары білікті мамандарды (келісім бойынша) тартуға;

4) заңнамамен белгіленген тәртіпте Кеңес құзыретіне енетін мәселелер бойынша тиісті ақпаратты сұратуға және алуға;

5) өз құзыреті шеңберінде келісім бойынша мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, облыстың өзге де ұйымдарының өкілдерін (келісім бойынша) Кеңестің құзыретіне енетін мәселелерді шешуге тартуға;

6) заңнамамен белгіленген тәртіпте Кеңес құрамын өзгерту туралы ұсыныстарды енгізуге;

7) табиғатты пайдаланушылардың, табиғатты қорғау органдарының ақпаратын (есебін) тыңдауға құқығы бар.

### **4. Кеңестің қызметін ұйымдастыру**

8. Кеңесті облыс әкімінің орынбасары - төраға басқарады. Төраға Кеңестің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін басқарады, Кеңеске жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауап береді, өз құзыреті шеңберінде Кеңестің мүшелеріне тапсырмалар мен нұсқалар береді.

9. Кеңестің мәжілісі тоқсан сайын өткізіледі, жұмыс жоспары Кеңес мәжілісінде бекітіледі.

10. Кеңес жұмысының ұйымдастырылуын қамтамасыз етуді облыс табиғатты қорғау бағдарламалары департаменті жүзеге асырады.